***Abstract.*** *One of the key stages of the hereditary relationship is the acceptance of inheritance. Its essence lies in the transfer of the rights and duties of the testator to the heir. As a result, the heir is recognized as the owner of the hereditary property. The article considers the history of the development of methods for obtaining inheritance, including the creation of an institution of inheritance in the Soviet Union, as well as the provisions that are currently in force in this sphere. Changes in domestic legislation relating to the institution of inheritance between July 1, 1999 and February 3, 2007, were reviewed. The heirs of the deceased were not required to file an application for inheritance within six months. After February 3, 2007, changes were made in the rules of inheritance, i.e. within six months after the death of the heir in accordance with the requirements of the current Civil Code, the heirs will need to file an application for a refusal or acceptance of the inheritance in the notary office. It also talks about issues when the heirs did not accept the inheritance, or do not have heirs, etc., relating to the protection and management of abandoned property. The article presents the analysis of differences in the transition of the right to inheritance (hereditary transmission) from inheritance by the right of representation. The process of issuing a certificate of the right to inheritance was investigated in the context of the coverage of ways to adopt inheritance on a systematic basis.*

Мұрагерлік құқықтық қатынаста мұра қалдырушының құқықтары мен міндеттерінің мұрагерлерге ауысуын жүзеге асатын кезеңі – мұраны қабылдау деп түсінуге болады. ҚР АК мұраны алу институты мұраны алудың шарттары мен тәртібін егжей-тегжей анықтаған деп айтуға болады.

Мұраны қабылдау – мұрадан бас тарту сияқты біржақты мәміле. Яғни, мұраға шақырылған тұлғалар, бірақ әлі мұра мүлкіне заңды ие болмаған тұлғалар, мүмкін болатын мұрагерлер.Мұрагер мұра қалдырушының тірі кезінде тиесілі болған құқықтарына ие болады. Мұраға ие болған тұлға мұра қалдырушының заңды мирасқоры болып табылады.

Тарихқа үңілетін болсақ, бұрынғы Қазақ КСР-нің АК-нің 542 бабы мұраны қабылдау деп аталған. Қазақ КСР-нің АК-не сәйкес, мұраны алу төмендегі екі тәсілдің бірімен жүзеге асқан:

1) формальды, яғни нотариусқа мұраны алу туралы арызды беру жолымен;

2) шын мәнінде, яғни мұрагерлік мүлікке ие болу және оны басқаруға қатысты кез-келген әрекеттер жасау құқығына ие болу жолымен.

Бұл тұрғыда профессор А.Г. Диденкомен келісуге болады. Ол өз мақаласында мұраны алу мен мұраны қабылдау туралы екі терминологияны зерттеп көрсетеді [1].

Жалпы мұраны қабылдау біржақты келісім, яғни мұрагерлер мұрагерлік мүлік алуға өз еріктерін білдіреді, деп көрсетеді. Сонымен қатар, Отандық заңнама бойынша, мұраны қабылдауда заң бойынша мұрагерлер мұрагерлік құқықтық қатынаста ешқандай да мәміле жасамайтынын қоса айтқан. Мұрагерлік мүліктік қатынас мәміле негізінде емес, заңды факт күйінде – мұрагер статусы негізінде пайда болды. Бұл факт, факт-оқиға негізінде – мұра қалдырушының қайтыс болуы салдарынан пайда болады, алайда ол оқиға да, әре-

кет болып табылмайды деп тұжырымдайды. Ол сондықтан да болар, мұраны алу туралы фактіні белгілеу туралы істер сот тәжірибесінде заңға сәйкес келмейді, осыған орай көптеген кикілжің жағдайлар туындап жатады.

ҚР АК 1072 бабына сәйкес, яғни мұраны қабылдау:1) мұрагер мұраны алу үшін оны қабылдауға тиіс.

Иесіз қалған мүлікті алу үшін (ҚР-ның АК-нің 1083 бабы) мұраны қабылдау талап етілмейді.

2) мұрагердің мұраның бір бөлігін қабылдағаны өзіне тиесілі барлық мұраны қабылдағанын білдіреді.

Мұрагер бір мезгілде бірнеше негіздер бойынша мұра алуға шақырған кезде мұрагер осы негіздердің бірі бойынша, оның бірнешеуі бойынша немесе барлық негіздер бойынша өзіне тиесілі мұраны қабылдай алады.

Мұраны шартпен немесе ескертпелермен қабылдауға жол берілмейді.

Мұраны бір немесе бірнеше мұрагердің қабылдағаны мұраны қалған мұрагерлердің қабылдағанын білдірмейді.

Қабылдаған мұра, оны іс жүзінде қабылдаған уақытқа қарамастан, сондай-ақ мұрагердің мұраға қалдырған мүлікке құқығы мемлекеттік тіркелуге тиісті болғанда, мұндай құқықтың мемлекеттік тіркелген кезіне қарамастан, мұраның ашылған күнінен бастап мұрагерге тиесілі деп танылады.

Егер осы бапты талдайтын болсақ, мұра қалдырушының мұрагері болып табылатын тұлғалар, мұра қалдырушының соңғы тұрғылықты жері бойынша, нотариусқа барып мұраны қабылдау туралы арыз жазуға міндетті, дегенді білдіреді. Келесі жағдайда, мұра қалдырушының тұрғылықты жері бойынша мұра ашылған кезде, мұра қалдырушының мұрагері болмаған кезде, не мұрагері мұра мүлкінен бас тартса, не мүмкін болатын мұрагер сот шешімі негізінде лайықсыз деп танылса мүлік иесіз деп танылып, мұра ашылған жер бойынша коммуналдық меншікке өтеді.

Аталмыш баптың 2 тармағын талдайтын болсақ, мысалы мұра қалдырушының мұра массасы үй мен көліктен тұрса, мұрагер тек көлікті ғана аламын демейді екен, ол бүкіл мұра мүлкінқабылдады деп есептеледі.

ҚР АК 1072-1 бап мұраны қабылдау тәсілдері:

1) Мұраны қабылдау туралы мұра ашылған жердегі нотариусқа немесе заңға сәйкес мұра алу құқығы туралы куәлікті беруге уәкілетті лауазымды адамға мұрагердің мұраны қабылдау туралы өтінішін не мұрагердің мұраға құқық туралы куәлік беру туралы өтінішін беру арқылы жүзеге асырылады.

Егер мұрагердің өтінішін нотариусқа басқа адам берсе немесе ол пошта арқылы жіберілсе, өтініштегі мұрагердің қолын нотариус, нотариат әрекеттерін жасауға уәкілетті лауазымды адам (ҚР-ның АК-нің 1051 бабының 5 тармағы) немесе ҚР-ның АК-нің 167 бабының 3 тармағына сәйкес сенімхатты куәландыруға уәкілетті адам куәландыруға тиіс.

Егер сенімхатта мұраны алуға өкілеттік арнайы көзделсе, мұраны өкіл арқылы қабылдау мүмкін болады. Заңды өкілдің мұраны қабылдауы үшін сенімхат талап етілмейді.

Бұл жағдайда, мұрагер мұраны қабылдау үшін тек нотариусқа ғана емес, сонымен қатар мұра алу құқығы туралы куәлікті беруге уәкілетті лауазымды адам да қабылдауға құқылы.

Егер мұрагер мұрагерлікті іс жүзінде қабылдағанын куәландыратын іс-әрекеттер жасаған болса, атап айтқанда, мұрагер:

1) мұраға алынған мүлікті иеленуге немесе басқаруға кірісce;

2) мұраға алынған мүлікті сақтау, оны қол сұғудан немесе үшінші тұлғалардың талаптарынан қорғау жөнінде шаралар қабылдаса;

3) мұраға алынған мүлікті ұстау шығындарын өз есебінен жүргізсе;

4) өз есебінен мұра қалдырушының қарыздарын төлеген немесе мұра қалдырушыға тиесілі ақшаны үшінші тұлғалардан алған болса, өзгеше дәлелденгенге дейін мұрагер мұраны қабылдады деп танылады.

ҚР-ның АК-нің 1072 бабына сәйкес мұралық мүлікті иелену үшін мұраны қабылдау керек. Бұрынғы Қазақ КСР-нің АК-сі қолданыста болған кезде (1999 жылғы 1 шілдеге дейін) мұралық құқықтарды мұра қалдырушы адам қайтыс болғаннан кейін алты ай өткеннен кейін кез келген уақытта рәсімдеу мүмкіндігі болатын. Қазір ол тәртіп қолданыстан шықты. Егер мұра қалдырушы адам 1999 жылғы 1 шілде мен 2007 жылғы 3 ақпан аралығында қайтыс болса, алты айдың ішінде нотариусқа мұраны қабылдау туралы арыз беру міндетті емес. Ол арызды мұра ашылғаннан соң алты ай өткеннен кейін де, бірнеше жыл өткеннен кейін де беруге болатын, тіпі қазірде беруге болады. Өйткені осы кезеңде ешқандай мерзімдер белгіленген жоқ болатын. Егер мұра 2007 жылғы 3 ақпаннан кейін ашылса, жағдай басқаша болатын. Қолданыстағы ҚР АК талаптарына сәйкес мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін алты ай ішінде мұрагерлер міндетті түрде нотариалдық кеңсеге мұраны қабылдау немесе мұраны қабылдаудан бас тарту туралы арыз берулері керек.

ҚР АК 1072-3 бойынша яғни, белгіленген мерзімінің аяқталуына қарай мұраны қабылдау:

Егер мұрагер мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді (ҚР АК 1072-2 бабы) дәлелді себептер бойынша өткізіп алған болса және мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді

өткізіп алған мұрагер бұл мерзімді өткізу себептері жойылғаннан кейін алты айдың ішінде сотқа жүгінген жағдайда осы мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады және мұрагер мұраны қабылдады деп тани алады.

Мұрагер мұраны қабылдады деп танылған кезде сот барлық мұрагерлердің мұрагерлік мүліктегі үлестерін анықтайды және қажет болған жағдайда жаңа мұрагердің мұрадан өзіне тиесілі үлесін алу құқығын қорғау жөнінде шаралар белгілейді. Бұған дейін берілген мұраға құқық туралы куәліктерді сот жарамсыз деп таниды.

ҚР АК 1072-4 бабы бойынша яғни, мұраны қабылдау құқығының ауысуы (мұрагерлік трансмиссия):

Егер заң бойынша немесе өсиет бойынша мұрагер мұраны ҚР-ның АК-нің 1072-2 бабында белгіленген мерзімде қабылдап үлгермей, мұра ашылғаннан кейін қайтыс болса, онда мұраның оған тиесілі үлесін қабылдау құқығы оның мұрагерлеріне ауысады.

Қайтыс болған мұрагердің осы құқығын оның мұрагерлері мұраны қабылдауға арналған мерзімнің қалған бөлігі ішінде жалпы негіздерде жүзеге асырыла алады.

Егер мерзімнің қалған бөлігі үш айдан аз болса, ол үш айға дейін ұзартылады.

Мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, егер сот қайтыс болған мұрагердің мұрагерлерінің осы мерзімді өткізіп алу себептерін дәлелді деп тапса, онда сот оларды ҚР АК 1072-3 бабына сәйкес мұраны қабылдады деп тануы мүмкін.

Осы жерде ұсыну құқығы бойынша мұрагерлікпен мұрагерлік трансмиссияның ара-жігін ажырататын болсақ, мұрагерлік трансмиссия, біріншіден мұра ашылғаннан кейін мүмкін болатын мұрагер мұраны қабылдап үлгермесе, оның мұрагерлері ала алады және екінші жағдай өсиет бойынша да, заңды мұрагерлік бойынша да мұраны қабылдап үлгермей қайтыс болған мұрагердің мұрагерлері қабылдай алады. Ал, ұсыну құқығы, біріншіден тек заңды мұрагерлік бойынша, екіншіден мұра ашылғанға дейін, үшіншіден не болмаса мұра қалдырушымен бір мезгілде қайтыс болған мүмкін болатын мұрагердің тиісті ұрпақтарына мұра өтеді.

Мұраны қабылдау аталған тәсілдің қай-қайсысымен болмасын, мұра ашылғаннан кейін алты ай мерзім ішінде жүзеге асуы керек.

Ал, қазіргі ҚРАК 1072 бабына сәйкес, егер мұрагер мұрадан бас тартпаса (ҚР АК 1074 бабы), мұрагерлік құқығынан айырылмаса (ҚР АК 1045 бабы) және оны мұрагер етіп тағайындау туралы өсиеттік өкімді жарамсыз деп танудың салдарынан мұрагерлік құқығын жоғалтпаса (ҚР АК 1056 бабы), ол мұра ашылған уақыттан бастап өзіне тиесілі мұраға немесе оның бір бөлігіне (үлесіне) құқық алады.

Мұраны алу кезінде мұрагерлердің бір-бірінің келісімі қажет емес. Кез келген мұрагер деп танылған тұлға, егер заңда өзгеше туындамаса, мұраны қабылдауға құқылы.

ҚР АК бұрынғы Қазақ КСР АК қарағанда әмбебап құқық мирасқрорлық талаптарын қарастырған.Яғни, мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін мұрагер алты ай мерзім асқаннан кейін кез келген уақытта мұрагерлікке құқық туралы куәлікті алады деген сөз.

Осы жерде аздаған келеңсіз жағдайлар туындайды. Мұрагер адал болып табылса, ал егер олай болмаса? ҚР АК 1073 бабына сәйкес, мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті. Мұра алу барысында мұрагерлік құқықтық қатынастарға қатысушылардың нақты құқығы мен міндеті мұра ашылғанға дейін және мұра алғаннан кейін жүзеге асады. Өсиет бойынша немесе заңды мұрагерлердің барлығы немесе жұбайының ортақ бірлескен мүлкінң жартысына ие болатын зайыбының немесе міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлерінің өсиет бойынша немесе заңды мұрагерлік бойынша мұраға құқық туралы куәлікті алу үшін барлық қажетті құжаттарды дайындап келетініне кім кепіл? Тәжірибеде, мұраға құқық туралы куәлікті жою туралы даулар сотта жиі кездеседі. Бұл даулар әсіресе, мұра қалдырушының ортақ бірлескен мүлкінің жартысына ие болатын зайыбының құқығының келісімінсіз мұраға құқық туралы куәлікті берумен байланысты. Әрине, мұраға құқық туралы куәлікті беруде мұра қалдырушының зайыбының келісімі міндетті емес. Мұрагерлер арасында осы сияқты түсініспеушіліктер көп кездеседі.

Мысалы, И.П. Блонская мұраны қабылдауды заңды деп тану туралы Алматы қаласының Алмалы аудандық сотына талап арыз жазады.

П.В. Рябова 1909-шы жылы туылған, 04.11.1953-ші жылы сатып алу сату шарты негізінде Мұқанова көшесіндегі 158/208-21 тұрғын үйдің иесі болып табылады. П.В.Рябова арызданушының әкесі жағынан әжесі болып табылады. П.В.Рябова 22.05.1986-шы жылы қайтыс болады. Бұл туралы АХАЖ кітабында №402-ші санмен тіркелген. П.В. Рябова қайтыс болғаннан соң, өсиет бойынша мұрагерлік негізінде мұра ашылады. Ол өсиетті екі баласының пайдасына жазған. Бірі арызданушының әкесі Э.М. Рябовка, ал екінші арызданушының көкесі В.М. Рябовка. Өсиет бойынша екі мұрагер де мұраны қабылдауға байланысты ешқандай құжат дайындамайды. Оған себеп арызданушы 1975-ші жылдан бастап әжесі мен бірге сол үйде

тұрған және сол үйді таза ұстау шығындарын және тағы басқаларын төлеп отырған және сол үйде тіркелген.Өсиет бойынша мұрагерлер Э.М. Рябов 16.08.1993-ші жылы, ал В.М. Рябов 08.01.1994-ші жылы қайтыс болады.И.П. Блонская әкесі мен көкесінен кейінгі жалғыз заңды мұрагер болып қалады, алайда әкесі мен көкесі мұраға құқық туралы куәлік алмаған.И.П. Блонская мұраны қабылдау фактісін белгілеу туралы сотқа талап арыз жазады.

Куәгер Ж.А. Сағындықованың, сөзімен шын мәнінде И.П. Блонскаяның 1975-ші жылдан бастап әжесі мен бірге сол үйде тұрғаны және сол үйді таза ұстау шығындарын және тағы басқаларын төлеп отырғаны дәлелденеді.

Сот ҚР-ның АІЖК-нің 290, 294 баптарын басшылыққа ала отырып, И.П. Блонскаяның арызын қанағаттандырады.[1]

Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін беріледі.Мұрагерлік құқық туралы куәлік беру тәртібіне тоқталсақ, мұраға құқық туралы куәлік ҚР АК ережелері мен Нотариат туралы заңға сәйкес мұраны қабылдаған мұрагерлерге беріледі.

Нотариус мұра ашылған орын бойынша ҚР-ның заңдарына сәйкес мұрагердің мұрадан бас тартуы немесе оған құқық туралы куәлік беру туралы өтінішті жазбаша нысанда қабылдайды.«Нотариат» туралы ҚР-ның Заңының 69 бабына сәйкес, мұрагерлердің жазбаша өтініші бойынша мұра ашылған жердегі нотариус мұраға құқық туралы куәлік береді.«Нотариат қызметі» туралы ҚР-ның Заңында заң бойынша мұраға құқық туралы куәлікті беру шарттары мен өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлікті беру шарттары қарастырылған.

Мұраға құқық туралы куәлік барлық мұрагерлерге, олардың қалаулары бойынша, бір немесе әрқайсысына жеке-жеке беріледі.

Нотариус қорғаншылықта немесе қамқоршылықта жүрген, кәмелетке толмаған, немесе іс-әрекетке қабілетсіз мұрагердің атына мұраға құқық туралы куәлік берілгені жөнінде оның мүліктік мүддесін қорғау үшін мұрагерлердің тұрған жеріндегі қорғаншылық және қамқоршылық органдарына хабарлайды.

Нотариус заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік берген кезде тиісті айғақтарды талап ету арқылы мұра қалдырушының қайтыс болу фактісін, мұраның ашылған уақыты мен жерін, мұраға құқық туралы куәліктің берілуі жөнінде өтініш жазған тұлғаны заң бойынша мұраны қабылдау үшін негіз болып табылатын қатынастардың болуын, мұралық мүліктің құрамы мен тұрған орнын тексереді.

Егер заң бойынша бір немесе бірнеше мұрагердің мұраны қабылдау үшін негіз болып табылатын айғақтарды табыс етуге мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе олар мұраны алған жағдайда және мұндай айғақтарды табыс еткен басқа мұрагердің бәрінің келісімімен мұраға құқық туралы куәлікке енгізілуі мүмкін.

Заң бойынша мұраға құқық туралы куәлікті беру шарттарынан өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлікті беру шарттарының айырмашылығы, өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлікті беруде нотариус, мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар тұлғалар тобын анықтайды.

Мұрагерлік құқық туралы куәлікті алу мұрагердің міндетті емес, құқығы болып табылады.

Құқықтық қатынаста мұраның ашылу фактісінен мұраны қабылдау бойынша қатынастардың өзгешелігі ереже бойынша қысқа мерзімде жүреді, яғни бұл шын мәнінде мұрагердің мұралық мүлікке ие болу уақыты немесе мұрагердің нотариусқа мұраны қабылдау туралы арыздың берген кезі үшін қажет. Осыған орай, Ю.С. Антимонов пен К.А. Граве бұл құқықтық қатынастың мұрагер үшін мұра ашылғаннан кейін пайда болатынын айтқан [2, 104 б].

Мұраны қабылдағаннан соң мұрагер мұраны қабылдады деп есептеледі және мұраны қорғау шаралары тікелей тоқтатылған деп саналады. Мұраны қабылдағаннан соң мұрагер өзге де құқықтық қатынастың субъектісі болып табылады. Меншік қатынасында және міндеттемелік құқықтық қатынаста мұрагерге мұрагерлікке құқық туралы куәліктің берілуі құқықтық қатынастың пайда болғанын куәландырады, бірақ мұрагердің қабылдап алғаны туралы факт құқықтықактілерде және заң әдебиеттерінде мұрагерлік атаулармен (мұралық масса, мұраның құрамы, мұра мирасқорының объектісі) көрсетіледі.

Мұраны қабылдау, кейде мұрагерлік құқыққа енуді білдіреді. Бірақ, бұл нақты олай емес және бұл шын мәнінде мұрагердің барлық құқықтық жағдайларды қабылдауын, мұра қалдырушының тірі кезіндегі құқықтық қатынастардың жиынтықтарына қатысқандығын (жеке өміріне тығыз байланыстылықты қоспағанда) білдіреді.Мұра қабылдау бұл мұра қалдырушының мұрагерге субъективтік құқықтық ауысуы.

Мұраның ашылуы мен мұраны қабылдау дербес құқықтық қатынас па, әлде біржақты құқықтық қатынас па деген қарама-қайшы пікірлер туады. Римдік құқық мұраны қабыл-

[1] *Архив Алмалы аудандық сот. -№ 2. 1253/03 іс.*

дау сияқты актіні қажет деп білді. Континентальды Европа мемлекеттерінің заңдарында аталмыш акт, соның ішінде мұраны қабылдау мұрагерлік мирасқордың дәрежесіне қажет деп қарастырылмаған [2], алайда қайтыс болған соңғы мұра қалдырушының құқығы мұрагерге ауысатынын нақты көрсеткен [3].

Қазақ КСР АК мұрагерлікті және оны қабылдаудың актісіз мұрагерлерге ауысуына рұқсат етілген, соның өзінде мұрагерлерді «қатысушылар» мен «қатыспағандар» деп бөлген. Бірінші топтағыларды мұраны қабылдаған деп санаған (егер де олар мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін үш айдың ішінде бас турту туралы арыз жазбаса), ал екіншілері мұраны қабылдауға келісім беруге тиіс, олай болмаса олар мұрагерліктен шеттетілген деп түсіндірілген. Бұл жөнінде В.И. Серебровский мұндай бөлуді (мұрагерлерді қатысқан және қатыспаған деп бөлудің нақты емес жөнінде) өзгерту керектігін және мұраны алуда жалпы тәртіп орнатуды ұсынған [4, 152 б].

Мұраны қабылдау үшін мерзімді қалпына келтіру және мұрагерді мұраны қабылдаған деп тану туралы арыз мұрагерлік мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан орны бойынша сотта талап қою бойынша іс жүргізу тәртібімен мұраны қабылдаған басқа мұрагерлердің қатысуымен қаралады. Осындай мұрагерлер болмаған жағдайда мұраның ашылған орны бойынша коммуналдық меншікті басқаруға өкілетті орган іске қатысуға тартылады, себебі иесіз қалған мүлікті алу үшін мұраны қабылдау талап етілмейді.

Арыз қанағаттандырылған жағдайда сот шешімнің қарар бөлігінде мерзімнің қалпына келтірілгендігі және мұрагердің мұраны қабылдағаны танылғандығы көрсетіледі, сондай-ақ нотариус берген мұра алу құқығы туралы куәлік бар болған кезде барлық мұрагерлердің үлесін белгілейді тіркеу органдарына мұра қалдырушының мүлкіне мұрагердің құқығын тіркеуді міндеттеп, мұра алу құқығы туралы куәлікті жарамсыз деп таниды. Қажет болған жағдайда сот АПК-нің 156 және 245 баптарына сәйкес жаңа мұрагердің мұраның оған тиесілі үлесін алу құқығын қорғау жөнінде шаралар қолдануға тиіс[3].

ҚР АК1083 бабына сәйкес, иесіз қалған мүлікті қорғау және оны басқару ҚР-ның АК-нің 1071 бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Мұралық мүліктің мемлекеттің меншігіне өтуін ғылымда иесіз мүлік ретінде қарастырады. Мұралық мүлік мемлекеттік меншікке мына аталған жағдайларда өтеді:

1) мұра қабылдаудан бас тартса;

2) мұрагерлер лайықсыз деп танылса.

Бұл жағдайда егер иесіз мүлік мемлекетке өтсе, онда нотариалдық куәліктің иесіз мүлкі туралы алу негізінде жүзеге асуы тиіс. Куәлік қаржы органдарының нотариалдық мекемелерге өтініш жасауымен алынады, ол заңда көрсетілген мұраның ашылған күнінен алты айға дейінгі мерзімге дейін созылуы тиіс. Сонымен қатар, оның кері күші болуы мүмкін, сондықтан мемлекеттік меншік мұраның ашылған мерзімінен басталуы керек.

ҚР 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңымен бекітілген Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Кишинев конвенциясыға қатысушы мемлекеттер үшін заңдық күші бар аталмыш конвенцияның 51 бабына сәйкес жылжымалы мүлікті мұраға қалдыру туралы істер бойынша істі аумағында қайтыс болу сәтінде мұра қалдырушының тұрғылықты жері болған Уағдаласушы Тараптың уәкілетті мекемелері жүргізуге құзыретті. Бұл заңдарды қысқаша қорытындылайтын болсақ, мұра қалдырушының соңғы тұрақты мекен-жайы Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады[4].

Жылжымайтын мүлікке мұрагерлік құқықты аумағында осы мүлік орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдары айқындайды.

Егер уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша мұрагерлік мүлік мирас ретінде (заң бойынша мемлекет мирасқор болатын) мемлекет меншігіне ауысатын болса, онда жылжымалы мұрагерлік мүлік мұра қалдырушы қайтыс болар сәтінде сол елдің азаматы болған Уағдаласушы Тарапқа ауысады, ал жылжымайтын мұрагерлік мүлік аумағында орналасқан Уағдаласушы Тарапқа ауысады.

Өсиеттің жасауға және оны бұзуға қатысты адамның әрекет қабілеттілігі, сондай-ақ өсиеттің түрі мен оны жою актісі мұра қалдырушының акт жасау сәтінде тұрақты мекен-жайы болған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады.

Жасалған өсиеттер немесе олардың жойылуы, сондай-ақ егер аумағында олар жа-

---

[2] *Разъяснения III отдела НКЮ НКВД от 11 апреля 1924 г. // Гражданский кодекс РСФСР 1922 г. с постатейно-систематизированными материалами. – М., 1928. -Изд. 3. № 521. - 120 с.*

[3] *СоттардыңмұрагерліктуралызаңнаманықолдануыныңкейбірмәселелерітуралыҚазақстанРеспубликасыныңЖоғарғыСотының 2009 жылғы 29 маусымындағы № 5 Нормативтікқаулысыhttp://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000005S*

[4] *Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңы № 531 Заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000531*

салған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен көзделген нысаны сақталған болса, жарамды болып табылады.

Сонымен, мұраның ашылу мезгілінен бастап, мұра қалдырушының мұрагерлерін, мұра массасын анықтайды, сондай-ақ бірге қажет болған жағдайда мұраны қорғау шаралары анықталады.

Азаматтың қайтыс болуына байланысты оған тиесілі болған мүліктер иесіз қалмайды. Мұра қалдырушының қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері әрі қарай жалпы ереже негізінде қорғалады. Қайтыс болған азаматтың мүлкі өсиет бойынша мұрагерге немесе заңды мұрагерлерге, егер де аталған екі негіздегі мұрагерлер жоқ болған ретте заңды негіздерге сәйкес мемлекетке ауысады. Мұра ашылған уақытта мұрагерлікке шақырылған нақты тұлғалардың мұрагерлік құқығы пайда болады (өсиет бойынша және (немесе) заңды мұрагерлік бойынша). Аталмыш тұлғалардың мұрагерлік мүлікке құқығы мұраны қабылдау кезінде пайда болады. Әдетте, мұраның ашылу уақыты мен мұраны қабылдау арасында белгілі бір уақыт өтеді. Осы уақыт аралығында мұрагерлік мүлікке қауіп төнуі мүмкін. Яғни, мүліктің ұрлануы, мүліктердің толығымен немесе жартылай бүлінуі және тағы басқалар. Осындай жағдайларда, яғни қауіптің мұндай түрлері туындағанда мұраны қорғау және оны басқару шаралары пайда болады.

Мұраны қорғау және оны заң бойынша мұрагерлік кезінде басқару ҚР АК 1071 бабына сәйкес, мүліктің бір бөлігі өсиет бойынша мұраға қалдырылған жағдайда мұра қалдырушы тағайындаған өсиетті орындаушы мұраның заң бойыншамұрагерлік тәртібімен ауысатын бөлігін де қоса алғанда, барлық мұраны қорғауды және оны басқаруды жүзеге асырады.

Егер заң бойынша мұрагерлер мұраның заң бойынша мұрагерлік тәртібімен ауысатын бөлігіне қатысты көрсетілген міндеттерді атқару үшін мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындауды талап етпес, тұтас алғанда бүкіл мұраны қорғау және оны басқару жөніндегі міндеттерді ҚР-ның АК-нің 1059 бабына сәйкес, өсиет бойынша мұрагерлер немесе сот тағайындаған өсиетті орындаушы жүзеге асырады.

Мұраны сенімгерлікпен басқарушыны заң бойынша бір немесе бірнеше мұрагердің өтінішімен мұрагердің ашылған жері бойынша нотариус тағайындайды. Мұраны басқарушыны тағайындаумен немесе оны таңдаумен келіспеген заң бойынша мұрагер сотта мұраны сенімгерлікпен басқарушының тағайындалуына дау айтуға құқылы.

Мұраны сенімгерлікпен басқарушы заңмен мұрагерліктің ерекшеліктерінен өзгеше жағдай туындамағандықтан, өсиетті орындаушыға қатысты ҚР АК 1059 бабында көзделген өкілеттікті жүзеге асырады.

Мұраны сенімгерлікпен басқарушының мұра есебінен мұраны қорғау және оны басқару жөніндегі қажетті шығындарды өтетуге, ал егер оның мұрагерлермен келісімінде өзгеше көзделмесе, сыйақы алуға құқы бар.

Мұралық мүлікті қорғау жөніндегі шаралар мүліктерді тізімдеуден, оны мұраны сенімгерлікпен басқарушыға сақтауға беруден тұрады.

Нотариус мұра ашылған жер бойынша бір немесе бірнеше заңды мұрагерлердің өтініші бойынша, сондай-ақ егер заң бойынша мұрагерлері жоқ немесе белгісіз болған ретте, жергілікті атқарушы органның өтініші бойынша мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындайды.

Мұраны сенімгерлікпен басқарушының тағайындалуымен келіспейтін мұрагер заң бойынша оның тағайындалуын сотта даулауға құқылы.

Сонымен, мұраны алу бұл біржақты мәміле. Мұраны қабылдаған мұрагер мұра қалдырушының мұрагері болып табылады және тиісінше мұра қалдырушының құқықтары мен міндеттеріне ие болып, меншік иесі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. *Диденко А.Г. Приобретение наследства / Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. – Алматы: Юрист, 2006. – Вып. 24. – С. 30-34.*
2. *АнтимоновБ.С.,ГравеК.А.Советскоенаследственноеправо.-М.:Юрид.лит.,1955.-264с.*
3. *Кривеншев О. Принятие наследства / Адвокат. - 2000. - №6. – С. 39-48.*
4. *Гордон М.В. Наследование по закону и по завещанию. - М., Изд. Юрид. лит., 1967. - 118 с.*


## REFERENCES


1. *Didenko A.G. Priobretenie nasledstva / Grazhdanskoe zakonodatel'stvo. Stat'i. Kommentarii. Praktika. – Almaty: Jurist, 2006. – Vyp. 24. – S. 30-34.*
2. *Antimonov B.S., Grave K.A. Sovetskoe nasledstvennoe pravo. - M.: Jurid. lit., 1955. - 264 s.*
3. *Krivenshev O. Prinjatie nasledstva / Advokat. - 2000. - №6. – S. 39-48.*
4. *Gordon M.V. Nasledovanie po zakonu i po zaveshhaniju. - M., Izd. Jurid. lit., 1967. - 118 s.*